

**"Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделмеген статистикалық ақпаратты ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1484 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 15 қазандағы № 829 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.10.2015 № 829 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 258 бұйрығын қараңыз.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделмеген статистикалық ақпаратты ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі *С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2013 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 1484 қаулысымен  
бекітілген

**«Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделмеген статистикалық ақпаратты ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделмеген статистикалық ақпаратты ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті «Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Ақпараттық-есептеу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) мен оның облыстар, Астана мен Алматы қалалары бойынша филиалдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің филиалдары) көрсетеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін өтініштерді қабылдау көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің филиалдарындағы кеңсеге жауапты тұлғалары арқылы жүзеге асырылады. Шарттарды жасасу көрсетілетін қызметті берушінің құқықтық қамтамасыз ету және кадрлық жұмыс және (немесе) көрсетілетін қызметті беруші филиалдарындағы шартты жасасуға жауапты тұлғалары арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті беруші филиалдарының статистикалық ақпаратын ұсынуға жауапты бөлімдері арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы алдын ала сұрау салуды (статистикалық көрсеткіштің атауын, аумақтық бөліністі және кезеңді көрсете отырып) қағаз тасығышта не электрондық форматта (сканерленген сұрау салу) жібереді, оны сұратылып отырған статистикалық ақпараттың болуын не болмауын айқындау үшін көрсетілетін қызметті беруші және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің филиалдары бір жұмыс күні ішінде қарайды, оның қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметті алушыға сұратылып отырған статистикалық ақпараттың болуы не болмауы туралы растау ж о л д а н а д ы .

Қағаз тасығышта не электрондық форматта (сканерленген өтінім) жолданған біржолғы өтініш бойынша сұратылып отырған ақпараттың болуы туралы растауды алған кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алған сәтке дейін рұқсат етілетін күту уақыты көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті

берушіге және көрсетілетін қызметті берушінің филиалдарына құжаттардың топтамасын ұсынған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн.

Шарт жасасқан жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алған сәтке дейін барынша рұқсат етілетін күту уақыты шартта баяндалады.

2) Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті берушінің филиалдарына құжаттар топтамасын тапсыруы үшін рұқсат етілетін барынша ұзақ күту уақыты – 15 минут.

3) Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілетін барынша ұзақ уақыты – 20 минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделмеген қағаз тасығыштағы статистикалық ақпарат.

Көрсетілетін қызметті алушының талабы бойынша мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің электрондық нұсқасын алу мүмкіндігі ұсынылады.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасының Үкіметі осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша интернет-ресурста орналасқан Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы заңнамасына сәйкес белгілейтін бағалар бойынша ақылы көрсетіледі.

Төлем тәсілі – қолма-қол және қолма-қол ақшасыз есеп айырысу. Төлем төлеуге ұсынылған шотқа сәйкес немесе кіріс-кассалық ордер бойынша (филиалда қолма-қол ақшамен есеп айырысу кезінде) жүргізіледі. Қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша төлеу кезінде көрсетілетін қызметті алушының төлем тапсырмасында төлем шоты үзінді көшірмесінің нөмірі мен күнін көрсетуі талап етіледі.

8. Мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика туралы заңнамасының 26-бабында айқындалған тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызмет өтеусіз негізде көрсетіледі.

9. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін;

2) көрсетілетін қызметті беруші филиалдарының – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін.

Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде жүзеге асырылады.

10. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің филиалдарына жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) жеке тұлғалар үшін:

деректемелерді міндетті түрде көрсете отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша өтініш;

жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;

дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (дара кәсіпкерлер үшін) көшірмесі;

бақылау чегі не төлем туралы түбіртек.

2) заңды тұлғалар үшін:

деректемелерді міндетті түрде көрсете отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша өтініш;

бизнес-сәйкестендіру нөмірін бере отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу немесе филиалды есептік тіркеу туралы анықтаманың (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу немесе филиалды есептік тіркеу туралы куәліктің) көшірмесі;

бақылау чегі не төлемнің жүргізілгені туралы банктің белгісі бар төлем тапсырмасы.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуы үшін қажет құжаттарды ұсынғанын растайтын құжаттар:

1) біржолғы өтініш құжаттардың толық топтамасымен жіберілген жағдайда құжаттардың толық топтамасын қабылдау туралы белгі қойылады;

2) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға шарт жасасқан жағдайда – шарттың екінші данасы болып табылады.

### **3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) көрсетілетін қызметті беруші филиалдарының және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданған жағдайда шағым көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің филиалдарындағы кеңсеге жауапты тұлғаларға Агенттіктің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) және көрсетілетін қызметті берушінің [www.statbase.kz](http://www.statbase.kz) интернет-ресурстарында орналастырылған мекенжайлар бойынша не Агенттік басшысының атына 010000 Астана қ., Орынбор көшесі, № 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 4-кіреберіс, 8-қабат, № 816 кабинет мекенжайы бойынша кеңсеге

жазбаша нысанда беріледі, телефоны 8 (7172) 74 97 79, 8 (7172) 74 97 89.

Шағымның қабылданғанын растау көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің филиалдарында немесе Агенттікте кеңсеге жауапты тұлғалардың шағымды қабылдаған тұлғаның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады.

Шағым еркін нысанда ресімделеді. Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты, почталық мекенжайы; заңды тұлғаның – толық атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Шағымды қарау нәтижелері туралы көрсетілетін қызметті алушыға жазбаша түрде хабарланады.

Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің филиалдарына және Агенттіктің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына шағым жіберуге құқығы бар.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілген қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

#### **4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін есепке алумен өзге де талаптар**

13. Көрсетілетін қызметті берушінің және көрсетілетін қызметті беруші филиалдарының аталған мемлекеттік қызмет көрсетілетін үй-жайлары толтыру үлгілері, қажетті құжаттардың тізбесі бар стенділермен жабдықталған және мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жағдайлар (пандустар) жасалған.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету орнының мекенжайы Агенттіктің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) және көрсетілетін қызметті берушінің [www.statbase.kz](http://www.statbase.kz) интернет-ресурстарында орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде

мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы, көрсетілетін қызметті берушінің және көрсетілетін қызметті беруші филиалдарының телефондары арқылы не шартта көрсетілген телефон арқылы алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының нөмірі: 1414, көрсетілген қызметті берушінің және көрсетілетін қызметті беруші филиалдарының телефондары Агенттіктің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) және көрсетілетін қызметті берушінің [www.statbase.kz](http://www.statbase.kz) интернет-ресурстарында көрсетілген.

«Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделмеген статистикалық ақпаратты ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша

Жеке тұлғалар үшін өтініштің үлгісі

\_\_\_\_\_ (көрсетілетін қызметті берушінің немесе

\_\_\_\_\_ көрсетілетін қызметті беруші

\_\_\_\_\_ филиалының толық атауы)

\_\_\_\_\_ (жеке тұлғаның тегі, аты,

\_\_\_\_\_ әкесінің аты, толық)

## **Өтініш**

Осы өтінішке қосымшаға сәйкес статистикалық ақпаратты

\_\_\_\_\_ (статистикалық ақпаратты алу мақсаты көрсетілсін)

\_\_\_\_\_ үшін

(мемлекеттік қызметті көрсетудің қажет етілетін нәтижесі көрсетілсін: қағаз немесе электрондық)

ұсынуыңызды сұраймын.

Қосымша: \_\_\_\_\_ п.

Жеке тұлғаның деректемелері:

Жеке куәліктің нөмірі \_\_\_\_\_

ЖСН \_\_\_\_\_

Нақты мекенжайы \_\_\_\_\_  
Телефоны мен факсы \_\_\_\_\_  
Электрондық мекенжайы \_\_\_\_\_

(қолы, күні) \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты) \_\_\_\_\_

Заңды тұлғалар үшін өтініштің үлгісі

Заңды тұлғалардың бланкісі үшін орын

(көрсетілетін қызметті берушінің немесе

көрсетілетін қызметті беруші

филиалының толық атауы)

(заңды тұлғаның

толық атауы)

## Өтініш

Осы өтінішке қосымшаға сәйкес статистикалық ақпаратты

(статистикалық ақпаратты алу мақсаты көрсетілсін)

үшін

(мемлекеттік қызметті көрсетудің қажет етілетін нәтижесі  
көрсетілсін: қағаз немесе электрондық)

ұсынуыңызды сұраймын.

Қосымша: \_\_\_\_\_ п.

Заңды тұлғаның деректемелері:

БСН \_\_\_\_\_

ЖСК \_\_\_\_\_

БСК \_\_\_\_\_

Нақты мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны мен факсы \_\_\_\_\_

Электрондық мекенжайы \_\_\_\_\_

Басшы \_\_\_\_\_

(қолы, мөр) \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты) \_\_\_\_\_

Орынд.: \_\_\_\_\_

Тел.: \_\_\_\_\_

## Өтінішке қосымша

Р / с №	Статистикалық ақпараттың атауы	Аумақтық бөлініс	Кезең

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК